Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№49 (9832)
21 маусым, сейсенбі 2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

КЕҢЕС

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Президенті:

Қазақстан Үлкен Еуразиялық серіктестік құру үдерісін құптайды

Мемлекет басшысы «Жаңа әлем – жаңа мүмкіндіктер» атты Петербург халықаралық экономикалық форумының 25 жылдығына арналған жиынның пленарлық отырысына қатысты. Пленарлық сессияда Қазақстан Президентінен бөлек Ресей Президенті Владимир Путин және бейнебайланыс режимінде Египет Президенті Абдель Фаттах Ас-Сиси сөз сөйледі. Сондай-ақ ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин форум қатысушыларына бейнеүндеу жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде форумға шақырғаны және дәстүрлі түрде жылы қабылдағаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Петербург форумының ширек ғасыр ішінде беделді сараптама платформасы мәртебесіне ие болғанын және әлемдік талқылау алаңдарының арасында лайықты орын алғанын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, форум саяси және экономикалық ахуал шиеленісіп тұрған кезде өтіп жатыр.

– Пандемияға және геосаяси шиеленістің өршуіне байланысты жаһандық теке-тірестер жаңа жағдайларға алып келді. Жаһанданудың орнына артық-кемі бар аймақтандыру дәуірі келді. Қалай болғанда да, дәстүрлі экономикалық модельдер мен сауда бағыттарының өзгеру үдерісі жеделдей түсті. Әлем жылдам өзгеруде. Өкінішке қарай, көп жағдайда жақсы жағына қарай емес, – деді Президент.

Оның пікірінше, жаңа жағдайда әлемдік тәртіптің жылдам өзгеретін құрылымын, «Шығыс-Батыс», «Солтүстік-Оңтүстік» бағыттары бойынша өзара іс-қимылдың орнықты векторларының алмасуын ескеру маңызды. Қазақстан Президенті біздің аймақтағы елдер осындай сын-қатерлерге лайықты төтеп беріп қана қоймай, олардан барынша пайда табуға тырысуы керектігін айтады. Сондықтан Еуразиялық экономикалық одақ аясында Еуразиялық интеграцияны Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасымен ұштастыруды маңызды міндет деп есептейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқару ісін жаңғырту және Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформалар туралы да айтты. Расында біздің бар күш-жігеріміз экономиканың өсімі азаматтардың әл-ауқатын арттыруға пропорционалды түрде ықпал етуге бағытталған. Енді сауда-экономикалық байланысты дамытуға, жаңа өндіріс орындарын ашуға, адами капиталдың өсімі мен инновацияларды енгізу үшін жағдай жасауға ниеттіміз.

Мемлекет басшысы аймақтағы елдердің орнықты дамуы үшін ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейту, экономикамыздың өсіміне жол ашу қажет деп санайды. Осы ретте Президент аса маңызды міндетті, яғни халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті естен шығармау керек екенін айтты.

Осыған орай Қазақстан Президенті жиынға қатысушылардың назарын бірқатар маңызды мәселеге аударды. Соның ішінде Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақтың әлеуетін арттыруды өзекті міндет ретінде атады.

– Одаққа мүше барлық елдің экономикасының жиынтық көлемі қазір 2 триллион доллардан асады. Бұл – еркін тауар айналымы, капиталы және жұмыс күші бар өте үлкен нарық. Пандемия мен дағдарыс жағдайына қарамастан, Одақ аясындағы ынтымақтастық дәйекті түрде нығайып келеді. Былтыр өзара сауда-саттық көлемі Еуразиялық экономикалық одақ құрылған уақыттан бергі ең жоғары деңгейге жетіп, 73 миллиард доллар болды. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен үштен бір есе көп, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ аясында Ресей Қазақстан үшін басты сауда-экономика саласындағы серіктес екенін атап өтті. Мәселен, былтыр екі елдің өзара сауда айналымы үштен бірге артып, 24 миллиард долларға жеткен. Біз үшін бұл – рекорд, әрине. Қасым-Жомарт Тоқаев биыл бұл бағыттағы оң қарқын сақталып отырғанын да жасырмады.

– Жаңа жағдайды ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақ аясында жаңа сауда стратегиясын әзірлеумен айналысқан орынды әрі пайдалы болар еді. Тиімділігі күмәнді контрсанкцияның орнына Азия мен Таяу Шығыс нарығын тұтас қамтитын белсенді әрі оңтайлы сауда саясатын жүргізген жөн. Қазақстан қандай да бір «буферлік нарық» қызметін атқарар еді. Жалпы, Еуразиялық интеграцияның түбегейлі жетістікке жетуі біздің бірлескен сауда стратегиямыздың тиімділігіне байланысты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресей арасындағы өнеркәсіп кооперациясын мүлде жаңа деңгейге көтерудің перспективасы зор екенін атап өтті. Президент ресейлік инвесторларға тиісті инфрақұрылымы бар өнеркәсіп алаңдарын ұсынуға және қолайлы жағдай жасауға әзір екенін мәлімдеді.

Президент азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән берді. Оның айтуынша, қазіргі жағдайда екі елдің ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін толық жүзеге асыру аса өзекті болып отыр. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректеріне сілтеме жасай отырып, Ресей мен Қазақстан әлемнің осы саладағы жетекші елдері екеніне тоқталды.

– Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі жағдайының нашарлауына байланысты аталған мәселе күрделене түсті. Ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты факторы және міндеті – тұрғындарды сапалы әрі қауіпсіз азық-түлікпен қамтамасыз ету. Сенімді азық-түлік жүйесін құру үшін инновациялық шешімдер мен озық технологияларды енгізу және азық-түлікті ысырап етуді тоқтату маңызды. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін ұлттық деңгейде де, Еуразиялық экономикалық одақ аясында да саралау керек. Осы ретте Одаққа мүше елдердің мүдделері ескерілуге тиіс. Келісіп жұмыс істемесе, бұл аса маңызды саладағы алға қойған мақсаттарға қол жеткізу қиындай түседі. Яғни, шектен тыс инфляцияға, азық-түлік тапшылығына қарсы күрес – баршамызға ортақ міндет, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев үшінші елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселесін тағы бір маңызды міндет ретінде атады.

– Қазақстан интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы бола отырып, басқа да халықаралық ұйымдармен арадағы өзара тиімді ынтымақтастықты тұрақты қолдап келеді. Петербург форумының аясында Үлкен Еуразиялық серіктестікті қалыптастыру мәселесі қызу талқыланып жатыр. Бұл тұжырымдама өңірлік ұйымдардың тең құқықты ынтымақтастығының ортақ кеңістігін құруға бағытталмақ. Сондықтан Қазақстан Үлкен Еуразиялық серіктестік құру үдерісін құптайды, – деді Президент.

Биыл Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы ұйымына төрағалық етуде. Мемлекет басшысының айтуынша, ТМД-ның құрылған уақыттан бергі мол тәжірибесі күрделі геосаяси жағдайда көпжақты диалогтың тиімді екенін көрсетті.

– ТМД осындай мегажобаны іске асыруда мейлінше қолайлы база бола алады деп ойлаймын. Бұл ретте, ШЫҰ, АСЕАН, ЕЭО Үлкен Еуразиялық кеңістіктің ажырамас бөлігі болар еді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы он жылда достық ниеттегі Қытай, Үндістан, Таяу Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері аймақтағы мемлекеттердің экономикасына қаржы салатын ірі инвесторлар болуы мүмкін деп санайды.

– Қытай – Қазақстанның экономика және сыртқы сауда саласындағы басты серіктесі. Бұл ел соңғы 15 жылдың ішінде экономикамызға 22 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Сондықтан Қытаймен арадағы көпжақты ынтымақтастықты тереңдете түсу – еліміз үшін аса маңызды міндет, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес құрылымдары арасындағы тікелей байланыстарды нығайту және жаңа көлік-логистикалық дәліздерді ашу қажет екенін айтты.

– Күш біріктіре отырып, серпінді инновациялық-технологиялық жобалар топтамасын жасау, үздіксіз көлік-логистика жүйесін құру, түптеп келгенде, елдеріміздің экономикасының өсімі үшін жаңа мүмкіндік туғызу перспективті болады деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сөйлеген сөзінде климаттың өзгеруіне қатысты мәселелерді де қозғады. Атап айтқанда, «жасыл» инвестицияларды көбейту мүмкіндіктерін кеңейту жоспары мен экологиялық проблемаларды шешу жолдары сөз болды.

– Былтыр жауын-шашынның аздығынан өзендердің суы таяз болып, диқандарымыздың көпшілігі құрғақшылықтан қатты зардап шекті. Трансшекаралық Жайық өзенінің жағдайы өте ауыр. Мемлекеттеріміз орнықты даму үшін мұндай ұзақмерзімді міндеттерді бірлесіп шешуі керек деп есептеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жоғары сапалы адами капитал мен конструктивті мәдениетаралық диалогты экономикалық өсімнің сенімді көздері ретінде атады.

Осы тұрғыда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мәдени әралуандықты сақтау және ғаламдық деңгейде өркениетаралық диалогты ілгерілету саясатын ұстана беретінін нақтылады. Мемлекет басшысы биыл қыркүйек айында елордада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі туралы айтып, осы жиынға Ресей дін қайраткерлерінің қатысқаны жөн екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, бейбіт, тұрақты және экономикалық тұрғыдан қуатты Еуразия құру жаһандық ауқымдағы орнықты дамудың және инклюзивті өсімнің қуатты факторына айналатынына сенім білдірді.

– Халықаралық жағдайды қалыпқа келтіруге және әлемдік экономиканың өсімін дұрыс жолға салуға бағытталған табысты идеяларды іздеу үшін жоғары деңгейдегі сарапшыларды біріктіретін мұндай беделді пікірталас алаңының әлеуеті зор, – деді Қазақстан Президенті.

Негізгі спикерлердің баяндамасынан кейін жиын сұрақ-жауап форматында жалғасты.

Құттықтау

Ел мүддесі жолында абыройлы қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен елдің айбыны, қорғаны болған полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызметші пен қоғамдағы тәртіп сақшысының міндеттері сабақтас. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкер мен полиция – мемлекеттік аппараттың жұмысын алға жылжытушы кадр және мемлекеттік биліктің оң имиджін қалыптастырушы бірден-бір тұлға. Дамыған мемлекет тиімді, нәтижелі мемлекеттік қызметтің және қоғамдық тәртіпті, ережелер мен заңдылықтарды сақтаудың негізінде құрылады.

Биыл дербес Қазақстан полициясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы уақыттар ішінде ішкі істер органдары қызметкерлері де биік белестерді бағындырып, өздеріне жүктелген міндеттерді мүлтіксіз атқарып келеді. Ішкі істер органдары – мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі.

Мемлекеттік қызметші мен полиция қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді, олардың мәртебесі мен абыройы Отанға, халқына адал қызмет етуімен бағаланады. Сондықтан жаңа дәуірдегі мемлекеттік қызметші мен полиция қызметкері әрдайым парасат биігінде болуы қажет. Себебі халықтың билікке деген сенімі сізderden бастау алады.

Бүгінгі мерекеде сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығын, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбектеріңізге сәттілік тілеймін!

Еліміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміздегі тыныштық пен бейбіт күн баянды болсын!

Жалағаш ауданының әкімі
А.ЕСЖАНОВ

Рахмет саған, дәрігер!

«Балалы үй базар» деп жатамыз. Сәбидің күлкісі естілген шаңырақта әрдайым береке орнап, босағаға бақыт ұялайды. Сол кішкентай көз қуанышын өмірге әкеліп, ұрпақты көбейтетін аналар өмірі бәрінен қымбат. Ана мен бала саусаламатта өмір сүру үшін, олардың денсаулығын қорғау үшін мемлекет қаншама бағдарламаларды жүзеге асырып жатыр. Соның игілігін Жалағаш ауданы орталығында орналасқан аудандық аурухананың перзентхана бөлімі де көріп, су жаңа ғимаратта ауыл мен аудандағы босану жасындағы аналарға көмек қолын созып, керекті кеңестерін беріп, олардың өмірге сәби әкелуіне жәрдемдесіп, кәсіби мамандар күні-түні атсалысуда.

Бөлім меңгерушісі Ләйла Елібаеваның айтуынша, барлық заманауи құрылғылармен жабдықталған қолайлы ғимарат 25 төсекке арналған. Әр палатада 2 әйелден орналасқан. Көптеген керекті оталар осы жерде жасалып, олар сауығып кеткенше ақ халаттылардың қамқорлығында болады. Гинекологтардан, тіпті басқа да дәрігер мамандардан қосымша патологиялық ауруы болса, кеңес алуға мүмкіндік берілген.

– Мұнда 4 дәрігер, 3 акушер-гинеколог, 1 неанотолог бар. Олардың барлығы жоғары санатты. Кіші қызметкерлерден 5 акушерка, 12 медбике ана мен бала денсаулығын жіті қадағалайды. Олар да жоғары санатты өз ісінің шеберлері. Барлық оталар Аманкүл Махамбетова, Әсел Жүсіпова, неанотолог Сандуғаш Молдыбаева сынды алтын қолды дәрігерлердің қатысуымен жасалады.

Қаншама жылдан бері бөлімде қалтқысыз қызмет жасап жүрген акушерлер қатарында Нәзира Оңалбаева, Гүлмира Дауылбаева, Алма Жәмиева, Мархабат Әжімбекова, Мөлдір Баймаханова, Қалдыгүл Есназарова бар. Тынымсыз еңбек майданын қыздырып жүрген медбикелер Зина Қондыбаева, аға медбике Эльмира Қалыбекова, Лаура Сариева, Искакова, Майра Махамбетова, Жарасхан Әленова, Замира Тобжанова, Ғайша Баймаханова – біздің мақтаныштарымыз, – дейді бөлім басшысы.

Ал ақ халаттыларға алғыс білдірген аналар да бар.

Айгүл Әлібаева,
Еңбек ауылының тұрғыны:

– Мен жасым қырыққа келіп босанып отырмын. Аллаға шүкір, қызды болдым. Жасым ұлғайғанда босанған әрине оңай емес. Егіз ұлым, 3 қызым бар болатын. Міне, шаңыраққа 1 перзент қосылды. Сонымен алтыншы баламды сүйіп, бақытты ана болып отырмын. Бұл жердегі дәрігер, медбике, кіші қызметкерлерге ризамын. Олар жаның қысылып келгенде жылы сөзімен, дәрі-дәрмегімен емдеп, жан мен тәніңді сауықтырады. Бөбегіміз құшағымызда, өзіміз аманбыз. Бұдан артық әйел үшін бақыт бола ма? Алғыс білдіремін, – дейді күлімдеп.

Айда Әзмаханова,
Аққұм ауылының тұрғыны:

– Менің алтыншы перзентім дүниеге келді. Акушер Қалдыгүл Есназарованың жәрдемімен 34 жасымда ұлымды босандым. Бөлмеміз демалуға өте ыңғайлы. Бұрын аналарымыз мұндай жерде босанып көрген жоқ. Шынында біз бақытты ұрпақпыз. Дәрігерлердің бәрі – өз ісінің шебері. Қамқорлық мол. Нәрестеміз бауырымызда, ұйқысы тыныш болса, еш жері ауырмаса, біздей аналарға сол жеткілікті деп ойлаймын. Өмірге перзент әкелу оңай емес. Сол қиындықта бізбен бірге ұйқы көрмей ем-домын жасап, керек кеңесін беріп жүрген дәрігерлерге мың алғыс!

Рахмет саған, дәрігер!

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

БРИФИНГ

Нарықтағы бағаға талдау жасалды

Бүгінде азық-түліктің күрт қымбаттауы айлығы шайлығына жетпейтін қарапайым халықты тығырыққа тіреп отырғаны жасырын емес. Жеміс-жидек пісіп, жұрт тосап қайнатып, қыс қамын жасамақ болғанда қант бағасы да күрт өсіп, елді әбігерге салуда.

Азық-түлік бағасына сараптама жасаған мамандар өңірде әлеуметтік маңызы бар 16 өнімнің бағасы бірнеше есеге өскенін қаперге салып отыр. Мәселен, күріш – 2, қант – 4,5, күнбағыс майы – 4,6 пайызға өскен. Осыған байланысты азық-түліктің бағасын бақылауда ұстау үшін тұрақтандыру қорынан 10 мың тоннадан астам өнім алынған. Бүгінде тұрақтандыру қорында 759,9 тонна азық-түлік қоры бар. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев осылай деді.

– Қант бағасының шарықтау себебі қант өндіруші өңірлердің қойған бағасына тәуелді болғандықтан өсуде, – деп түсіндірді ол.

Қазіргі уақытта ірі сауда орталықтарында қанттың бағасы 491, әлеуметтік дүкендерде 370 теңгеден сатылуда.

– Соңғы бір аптада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларының өсу индексі 100,4 пайызды құрады. Соның ішінде қант өнімінің тапшылығы мен бағасына байланысты мәселелер туындауда. «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК арқылы тұрақтандыру қорына 272 тонна қант сатып алынып, 38 әлеуметтік дүкен мен 14 әлеуметтік бұрыштарға төменгі бағада сатылуда. Қазіргі таңда облыс бойынша 247 тонна қант бар. Сондай-ақ 3 вагон яғни 204 тонна қант жеткізілді. Одан бөлек еліміздегі қант зауыттарынан 680 тонна шекер сатып алу бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді Талғат Дүйсебаев.

«Байқоңыр» ӘКК АҚ басқарма төрағасы Нұржан Ахатов әлеуметтік дүкендерде азық-түлікке байланысты тапшылық жоқ екенін, тиісті мамандардың күнделікті әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасына мониторинг жүргізіп отырғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, нан 55, қант 370, өсімдік майы 630, картоп 130, күріш 175 теңгеден сатылуда екен, бұл нарық бағасынан бірнеше есеге арзан. Десе де, ондай арзан өнімдер жалпыға бірдей қолжетімді емес болып шықты. Себебі әрбір өнім тұтынушыға шекті мөлшерде беріледі.

Базынасын айтып шығып жатқан тұтынушылар да бар. Мәселен, қаладағы ірі сауда орталықтарындағы азық-түліктің бағасына байланысты 4 арыз-шағым түскен. Дегенмен, сауда нысандарындағы өнімдердің бағасына 5,6-11,7 пайызға дейін үстемақы есептелгендіктен заң бұзушылық анықталмаған.

– Қазіргі таңда бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментімен азық-түлік тауарларын сатудың барлық делдалдық схемасы бойынша тексеріс жүргізілуде. Талдау жұмыстарының қорытындысы бойынша анықталған заң бұзушылықтарға тиісті әкімшілік шаралар қабылданады. Сонымен қатар шағын және орта санаттағы сауда нысандарында азық-түліктің бағасына байланысты 7 арыз түсті. Бұл бойынша тиісті шаралар қабылданды, – деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Ринат Сұлтангереев.

Ж. ЖАЗКЕН

ЖӘДІГЕР

Шашбау

Шашбау – қазақтың қыз-келіншектерге арналған ежелден келе жатқан сәндік бұйымы.

Сыңғыр шолпы шашбауың,
Жарасады таққаның.
Осы сәнің тұрғанда,
Қаламаймын басқаны, басқаны.
Үкілерің желбіреп,
Жас жүрегім елжіреп,
Сүйіншілеп жеңгейлер,

Шашбаулы қыз келді деп, келді деп, – деген әнді тыңдағанда, бұрым мен оған сән берген әшекей жайлы көнеден жеткен өрнекті әңгіме мен әсерлі ән, жақұттай жыр ұлттық құндылығымыздың тереңінен сыр шертеді.

Бүгінде Жалағаш аудандық музейінің құнды экспонаттарының бірі, қыз-келіншектердің шашына тағатын сәндік зергерлік-әшекейлік бұйым – шашбау.

Аталған шашбау бір-біріне сым үзбелер арқылы жалғанған 5 дана күміс теңгелерден (сөлкебай) тұрады. Шашбаудың ең үстінде орналасқан теңгеге жалпы пішіні «8» саны секілді етіп қалың сымнан иіп жасаған матадан ызылған бау тағылатын шығыршық бекітілген. Материалы – күміс. Ұзындығы – 23,5 см. Күміс теңгелердің диаметрі әркелкі. Әшекей бұйым соғу, дәнекерлеу арқылы жасалған қолөнер шеберлерінің көркем туындысы.

1999 жылы оны аудан тұрғындары музейге сыйға берген. Өкініштісі зергердің аты-жөні белгісіз.

Айта кетейік, ықылым заманнан бастап қазақ қыздары үшін шаш күтімі ерекше маңызы зор тәлім-тәрбиелік іс болған. Археологиялық қазба жұмыстары негізінде әйелдер жерленген көрлерден шашқа тағатын зергерлік бұйымдар көптеп табылып жүр. Бүгінге жеткен шолпылардың салмағының бес келіден де асып кететініне қарағанда қазақ қыздарының бұрымдары қалың болғандығы аңғарылады. Ауыр шолпыдан шалқайып қалмау үшін мойындарына тепе-теңдікті сақтау мақсатында өңіржек таққан. Шашқа қосатын, жалғайтын, кигізетін, тарайтын, жағатын, тағатын зергерлік әсем бұйымдар өте көп болған. Солардың негізгілерінің бірі – шашбау. Ол – шаштың әрі мен ажарын аша түсетін зергерлік бұйым. Бұрыммен қоса өріліп, теңгесі шаш ұшына байланады. Шашбау тағу шаш арасындағы жын шайтандарды қашырады деген түсініктен туындаған. Шашқап шашты күнге күюден, шаң-тозаңнан сақтау үшін жасалатын сәндік бұйым. Ал шаштеңге – қыздардың өрілген шаш ұшына тағылатын, жібек бау өткізілген күмістен жасалатын бұйым. Шашты тарау үшін неше түрлі сиыр мүйізінен жасалған тарақ пайдаланылған. Әдемілік үшін шаштарақпен бастырып, шашты жалтыратуға шашмай жаққан. Шашмайды сары майға жұмыртқаның ағын қосып жасайтын болған. Шашты жақсы өсіру үшін айранмен, қынамен жуған. Ырымдап қыз балаға шашы өссін деп желке жегізген. Күмістен өрнектеген шашбауды зергерлер әдейі ауырлау етіп жасау себебі салмағы бар шашбауды таққанда ол басты тартып тұрғандықтан қыздардың еңкеймей, басты тік ұстап, әсем жүруіне ықпал еткен. Шолпылы қыздарда ойлылық, зерделік мінез калыптасады. Жүріп-тұруынан, шашына тағылған бұйымдардың сыңғыры арқылы қыздың мінез-құлқы мен тәлім-тәрбиесі білінген. Аталған бұйымдарды қыздың анасы кешқұрым, жатар алды ғана ағытып алған. Ананың рұқсатынсыз ағытылмаған, себебі бұл бұйымдар қай үйдің қызы мезгілсіз уақытта жүріп-тұрғандығын өзінің сылдыры арқылы жұртшылыққа дыбыс-хабар беріп отырған.

Абай атамыз бұрымды қызды:
Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін, – деп көркем сипаттаған.

Ғалымдардың зерттеуінше, шаштың денсаулыққа да аса зор ықпал ететіні дәлелденіп отыр. Шаш арқылы көптеген жағымсыз энергияларды жұқтыруға болады. Сол себепті ата-бабаларымыз әйел адамдарға жалаңбас жүрмеуді, ас дайындағанда, ұйықтағанда орамал тартуды ескертуі тегін емес.

Қазіргі дамыған заманда қылмыс саласында шаш арқылы да мол ақпарат алынады. Себебі саусақ бедері секілді әрбір адамның шашы да бір-біріне ұқсамайтыны анықталған.

Халқымыз шашты сұлулық пен мәдениеттілік белгісі ғана емес, әсіресе әйелдер қауымына берілген Алла тағаланың ерекше сыйы деп құрметтеген. «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген» дегендей, шашқа ерекше күтім жасап, оның бір талын да жерге тастатпаған.

Тысқы мәдениеттің жаманынан жиреніп, жақсысын ғана үйренуді Абай атамыз «Әсемпаз болма әрнеге» деп өзінің еңбектерінде ұрпаққа ұлттық дәстүрді естен шығармауды ескертіп кеткен. Қарындастарымыз шашты жай сән үшін өсірмей, бұрым дегеннің не екенін біліп өссе игі. Қыздың көркі шаш болса, Тәңірі берген көркінен айырылмай, айнымай ата-бабаларымыздың шаш, бұрым туралы айтып кеткен өсиет-өнегесі мен нұсқалы сөздерінің мәнін ұғынып, соны орындап жүрсе, халқымыз ешқашан адаспайды. Ұлтымыздың болашағы қазіргі қыздарымыздың қолында. Өйткені дана халқымыз «Тегіңді сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле» деп бекер айтпаған.

Марат ШӨМЕКЕЙ,
аудандық музейдің
ғылыми қызметкері

ЖОЛЖАЗБА

Жол үстіндегі оқиға

Жалағаштан облыс орталығына дейін зулаған көліктер жетіп артылады. Кейде таксиге мінуді қалта көтермей, шағын сыйымдылықтағы жолаушылар көлігіне мінуге тура келеді. Сол күні қалаға бет алған жолаушылар да даппдайын, газель де жүргелі тұр екен. Бос қалған бір-екі орындыққа адам іздеп жүргізуші де жанталаспады. Кейбіреулерге ұқсап, «қалаға 2 адам» деп азан-қазан қылмай немесе бірлі жарым орын бос болса, табандап тұрып алып жолаушы іздемей, асқан сабырмен көлікті оталдырып, жолға шықтық. Мен шопырдың жанындағы алдыңғы орынға жайғастым. Шамалы жүргеннен кейін әлгі көліктің ішіндегі бір егде жастағы әйел кісі баршамызға ортақ өтініш тастады.

«Қарақтарым, менің бір өтінішім бар еді сіздерге. Қазір Тереңөзектегі құдықтың қасынан тоқтап, сол жердегі «періште қыздың» бейітіне құран оқып кетейікші. Бұл менің ұлымның өтініші еді. Мен Астанада көпқабатты үйден құлайын деп тұрған баланы құтқарып қалып, ерлік жасаған Сәбиттің анасы едім. Біз Сәбиттің балалық шағынан бері осы қасиетті құдыққа келіп, суын ішіп жүретінбіз.

Естеріңізде болса, көптеген науқас осы құдықтың суын ішіп, дертіне дауа тапқан еді. Қазір бір елеусіздеу жер болғанмен бұл жердің киесі бар. Іштеріңізде құран оқи алатындарыңыз бар ма?» деп ақ шашты ана бар ықыласымен сол жерге аялдауды өтінді.

Алланың құдыретіне қарасаңызшы, бір қараторы жас жігіт «апа, мен оқимын, абыржымаңыз» деді. Көлік тізгіншісі де елгезектеу жан екен. Сол жерге келген кезде асфальттің жиегіне көлікті тоқтатты. Мұндай мүмкіндік бола бермейтінін түсінді ме, жұртшылық жақсы ниетке қолдау білдіріп, барлығы қасиетті құдықтың қасында жаны жай тапқан «періште қыздың» зиратына беттеді.

Елеусіздеу жол жиегінде тұрған қасиетті орынның жанындағы құмға тізерлеп отыра кеттік. Сәбиттің анасы құран оқылып болған соң «айналайындар, сендерге рахмет! Бір ауыз сөзімді жерге тастамай келістіңдер. Іштеріңнен тілек тілеп, дұға жасаңдар. Бұрын бұл жерге дерттілер, бір нәрестеге зар болып жүргендер, арманына жете алмай зарыққандар көп келетін. Алла сендердің табандарыңды осы жерге тигізуге себепкер болған шығар. Бақытты, өмірлі болыңдар» деп батасын беріп, алақанына қысқан ақшасын бейіттің үстіне қойып жатты.

Біз үстімізді қағып сілкіп, қайтадан жолсерік жандармен көлікке отырдық. Тағы мүлгіген тыныштық. Әркім өз ойымен әуре болып отырғандай. Тыныштықты тағы да зиярат етуші апамыз бөліп, «бұл жерге келуді маған аманаттаған ұлым Сәбит еді. Ол кешегі Қызылордаға келген сапарында асығыс келген болатын. Қызылордалықтарға ана жүрегіммен алғыс білдіремін, баламды зор қошеметпен, асқан құрметпен күтіп алып, елге үлгі-өнеге етіп жатыр. Сол кезде менің жүрегім қатты толқып тұрды. «Алып анадан туады» дейді ғой қазақта. «Балаң жаман болса, түйенің үстінен ит қабады» деген де бар. Осындай ержүрек, ел үшін туған, тәуекелмен белін буған батыр ұлды өмірге әкелгенім үшін Жаратқанға сансыз шүкір. Сол баламның арқасында бізді бүкіл ел танып жатыр. Сонау шалғайдағы Аққұм деген ауылдың мен сияқты қарапайым тұрғынын кім таниды? Балам басымды төрге сүйреп жатыр. Сіздерге ақыры сырымды бастап кеттім ғой соңына дейін айтпасам болмас.

Сәбит баламның түсіне әруақтар кіріп, темір сауыт кигізіп кеткен екен. Алланың құдіретімен ұлымды, сәбиді ажалдан арашалап қалған бабалар берген аян деп ойлаймын» деп Гүлбаршын ана елді елең еткізді.

Иә, Алланың біз білмейтін құпиялары көп. Десе де Сәбит – осындай алтын құрсақты анадан туған ел мақтанышы. Біз жалағаштықтар Сәбиттей азаматтың күллі елдің құрметіне бөленіп жатқанына дән ризамыз. Анасының ғажап әңгімесін тыңдап, сол бақытты күйді көліктегілер бірге кешкендей болдық. Ана бақыты деген бәлкім осы болар?!

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары қандай болуы керек, осыны тайға таңба басқандай айқындап берді. Осы арқылы мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар жоғарылады. Ол жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деген бес бөлімнен тұрады.

Әдепті болу – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті

«Бұл кодекстің бізге қажеті қанша?» деген сауалға жауап көп. Иә, әдеп қазақта бұрын да болған, қазір де бар, бола береді де. Бірақ дәл осы нормалардың барлығы мемлекеттік қызметшілердің бойынан табылуы үшін бізге Әдеп кодексі қажет болатыны анық.

Негізінен оның басты міндетіне келсек, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеуге қолғабыс боларын тез түсіне қоямыз.

Жалпы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру негізгі міндет ретінде қарастырылған. Ал оның 12 қадамында жаңа этикалық ережелерді енгізу жайының қамтылуы тегін емес. Мақсатына үңілсек, түптеп келгенде мемлекеттік қызметтің жаңа этикалық кодексін әзірлеуге бағытталғанын аңғара қоямыз.

Осыдан 6 жыл бұрын Әдеп кодексі қабылданып, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы да пайда болды. Ұлт жоспарында қамтылып, белгілі бір қадамында оған ерекше тоқталудың мақсатын қазір түсіндіру де артық болар, бәлкім. Олай дейтінім, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметкердің әдебі маңызды рөл атқарады. Неге олай? Бұл шындығында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан «Ашық мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруда айрықша маңызға ие. Ал мемлекеттік қызметкердің бойында әдеп болмай бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру мүмкін емес те.

Иә, елімізде Әдеп кодексі қабылданғаннан бері Әдеп жөніндегі уәкіл де жұмысын бастап кетті. Ал «Оның функциясына не кіреді?» деген сауалға тоқталсақ, тарқатар дүние көп. Мәселен, ол біріншіден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қадағалайды. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде көрсетілген нормаларды сақтай отырып, халықпен тіл табысып жұмыс жасауына да баға бере алады. Ол – бір жағынан өз функциясы шеңберінде мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Біз осыдан 6 жыл бұрын қабылданған Әдеп кодексі арқылы неге қол жеткіземіз? Бұл сауалдың да түйінін тарқатсақ, жазылар дүние көп. Біріншіден, бұл заң қызметтік әдеп нормаларының бұзылуына жол бермейді. Екіншіден, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына жол ашылады. Дәл осы Әдеп кодексі аясында моральдық-әдептілік нормаларына сай өзара қатынастар мәдениеті қалыптасады.

Жалпы қазақ әдепті болуды отбасында баласының бойына тәрбие арқылы сіңірді. Себебі отбасында айтылған әдептің ертең ел болашағында маңызды рөл атқаратынын түйсігімен түсінді. Әдеп арқылы мемлекеттік қызметкердің мінез-құлқында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасады. Мемлекеттік қызметшінің білімі мен білігін жетілдіруге даңғыл жол ашылады. Ұжымдық моралдық әдептілік нормаларына сай өзара қатынастар мәдениет те әдеп арқылы қалыптасары сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, кез келген мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінде қамтылған нормаларды сақтай отырып, жұмыс жасағаны абзал. Сонда ғана халық пен билік арасы жақындап, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқан «Ашық мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға жол ашылады.

Президент неге «Ашық мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға тиіспіз дейді? Бұл бірінші кезекте халық пен билік арасындағы алшақтықты жақындатады. Ал өзара түсіністік қалыптасқан қоғамда жүйе боларын айтпаса да жақсы білесіздер. Бірақ оның жүзеге асуына басты себеп осы әдеп екенін ұмытпаған абзал. Себебі Әдеп кодексінде көрсетілген барлық нормаларға сай жұмыс жасаған мемлекеттік қызметші өз саласында сыбайлас жемқорлыққа да мүлде жол бермейтіні анық.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық
басқармасы басшысының орынбасары

Бұл күндері ақсақалдықтың асуынан асып, жетінші ондықтың бел ортасына аяқ басқан, кешегі ер етікпен су кешіп, ат ауыздықпен су ішкен, сұрапыл соғыстың алғашқы жылдары дүниеге келген Рысбай Кәрімұлы жәйлі жазатын да, айтатын да естелік баршылық. Табиғатынан барға қанағат тұтып, ақ адал еңбегімен тіршілік жасауды, сол еңбегінің бейнеті мен зейнетін көруді мақсат еткен бұл азамат туралы көсілтіп жазуға болады. Оның өмірі – кешегі миллиондаған «соғыс балаларының» бастан кешкен өмірі. Соғыс жылдары мен одан кейінгі ауыр жылдар. Олар тойып тамақ ішпеді, ашқұрсақ жүрді, жөнді киім кимей жұтан заманының тауқыметін көріп өсті.

Қаламы қарымды қаламгер

Ол 1943 жылдың қыркүйек айында Сталинград майданындағы қанды шайқаста жатқан Кәрімнің отбасында, Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген еді. Майданнан шалажансар соғыс мүгедегі болып оралған әкесі колхоздың қара жұмысында еңбек ақысына соқыр тиын алмай, халық шаруашылығын қалпына келтіру науқанында «озаттар» қатарында еңбек етіп, баласын еңбекке баулып өсірді. 1960 жылы орта мектепті бітіргенен кейін, сол кездегі үкіметтің басшысы Н.Хрущевтың өндірісте екі жыл жұмыс істеу тапсырмасына байланысты, Калинин колхозында колхозшы, аудандық тұтынушылар одағында, №150 кәсіптік-техникалық училищеде жүргізуші болып еңбек жолын бастаған. 1962-1965 жылдары Литва ССР Каунас қаласында Стратегиялық мақсаттағы ракета әскері құрамында қызмет атқарған.

Бұл Кеңестер Одағы қарулы күштерінің айбыны болған, жаппай қырып жоятын ядролық қондырғылармен жабдықталған он мың қашықтықтағы қарсыластарын 40-45 минутта жоқ қылатын қару болатын. Сол қаруды алғашқылардың бірі болып игеріп, Кариб теңізі, Куба дағдарысы, Кеңес-АҚШ текетіресі кезінде жауынгерлік сапта болған қазақтың қаршадай баласы Балтық жағалауындағы ормандарда әскери тапсырмалармен мұхиттарды шарлаған бірінші сыныптағы ракетші маманы, екінші сыныптағы жүргізуші, Кеңестік қарулы күштерінің озаты болған еді. Ал Кубадан мемлекеттік тапсырмаларды орындап қайтқан ядролық ракеталарды Астрахан даласында, Капустен Яр атом сынақ полигонында, Нарын құмдарында жойып залалсыздандыру, оның радиациялық сәулелерін өздерінің ағзаларына сынау тәжірибелерін жүргізуі, оның зардаптарынан бүгінгі күнге дейін арыла алмай жүргені өз алдына бөлек әңгіме.

Осындай Отан алдындағы еңбегі бағаланып, КПСС мүшелік кандидаттығына қабылданып, елге оралған. 1965-1970 жылдары Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың «Жаратылыстану» факультетіне түсіп, химия-биология пәнінің оқытушысы мамандығын алған. 1970-1972 жылдары ауданның №118 мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1973-1976 жылдары Калинин, Таң кеңшарлары қарайтын Карл Маркс ауылының кеңесінің хатшысы, 1976-1980 жылдары Калинин кеңшарында өндіріс бригадирі, агроном болып еңбек еткен. Ағарту, өндіріс саласында және қоғамдық жұмыстардағы атқарған еңбектері еленіп, 1981-1984 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінде нұсқаушы қызметін атқарған.

Партиялық саяси ұйымдастыру жұмысындағы қабілеті бағаланып, 1984 жылы Аққұм кеңшары Партия комитетінің хатшылық қызметіне жіберіледі. Бұл өзінің іскерлік қабілетін аудандағы іргелі шаруашылықтың өсіп-өркендеу кезінде көрсете білді. Облыста күріштің «Қостанайы» аталған Жалағаш ауданы, оның Аққұм кеңшары сол жылдары 100 000 қатарына қосылып, гектар түсімділігі жоғары көрсеткіші болған еді. Кеңшар мал өнімдерін өндіруде ауданда алдыңғы қатарда болған. Еңбекшілердің күнкөрісі деңгейі артып, қосымша ақы алуға қолы жеткен болатын. Өндірістік, мәдени ошақтар бой көтеріп, тұрғын үйлер көптеп шаруашылық есебінен салынып, халықтың әл-ауқаты жақсара түскен еді.

Ол өндірістен қол үзбей жүріп Қазақтың ауылшаруашылық институтын бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алды. Аудан басшылары оның педагогикалық және ауыл шаруашылық маманы екендігін ескеріп, 1986 жылы аудандағы аға оқу орны, шаруашылықтарға орта біліммен қоса кең көлемде механизатор мамандығын дайындайтын №15 кәсіптік-техникалық училищесінің директорлығына жібереді.

Ол бұл қызметті 1998 жылдың ортасына дейін атқарды. Осы жылдар ішінде оқу орнының материалдық-техникалық базасы нығайып, 120 орындық типтік жобадағы асхана, кешенді спорт залы, акты залы салынып, пайдалануға берілді. 150 орындық жатақхана күрделі жөндеуден өтіп, оқушылардың екінші үйіне айналды. Техникалық күтім жасау бекеті, жабық техникалық тұрақтар, жөндеу шеберханалары, бірнеше зертханалар іске қосылды. Бас оқу ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, оқу кабинеттері техникалық жабдықтарымен жарақтандырылды. Лингафон кабинеті, алғашқы компьютерлік кабинеттері жұмыс жасай бастады. Бұның өзі оқудың теориялық сапасы жақсарып, практикалық жұмыстармен ұштастырып отырды.

Бұрындары оқу орны ұзақ жылдар бойы тек қана механизатор мамандарын даярлап келген болса, үлкен ізденістің нәтижесінде өндіріске, ауыл шаруашылығына ауадай қажет электр – газбен дәнекерлеуші, электромонтер, құрылысшы, тас қалаушы, село электригі, аспазшы мамандары дайындалатын болды. Сондай-ақ жоғарғы санаттағы механизатор жүргізушілер даярланып оқытыла бастады. Оқу орны сол кездерден бастап қазіргі нарықтық жағдайға байланысты өмірге қажетті мамандықты дайындауды сол кезде қолға алған болатын.

Қазір нарықты экономика жағдайында бұл курстар толыққанды жұмыс жасап келеді. Ал бұл атқарған жұмыстар жазуға оңай болғанмен, ұзақ жылдар бойы төккен тердің ізденіспен жүргізген жұмыстардың нәтижесі еді. Училищенің оқу – шаруашылығы күріш, бақша, көкөніс дақылдарын егу, оқу орнын қажетті азықпен қамтамасыз етуде табысты жұмыстар атқарылған.

Оқу шаруашылығының жылдық табысы сол жылдары қазіргі ақшамен есептегенде 800 мыңнан 1 миллионға дейін жетіп тұрған. Негізі сол кезден қалыптасқан қазіргі бұл оқу орны лицейге айналып, жақсы жұмыстарды жалғастыруда. Осындай оқу орнының үлгірімге және табысқа жетуде, оның техникалық базасының нығаюына ерекше еңбек сіңірген оқу орнының басшысы Рысбай Кәрімұлының өзіндік еңбегінің бар екендігін айтуға тиістіміз.

1998-1999 жылдары Жалағаш аудан әкімінде бөлім бастығы, 1999-2000 жылдары аудандық жер инспекторы, аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде бас агроном болып еңбек еткен жылдары, жаңа заман талабына сай мемлекеттік иеліктегі жерлерді жекелендіру, оны халыққа пай үлесіне беру, суармалы жерлерді тиімді пайдалану, оны егесіздікке ұшыратпау сияқты жұмыстарға ол басшылық жасай білді. Суармалы ауыспалы егіс жүйесін қайтадан инвентаризациялау сияқты өмірлік, мемлекеттік жұмыстарды заман талабына сай ол маман ретінде жүргізе білді.

Ол 2000-2005 жылдары Бұқарбай батыр ауыл әкімі қызметіне жіберіледі. Бұл уақыт өтпелі кезең деп аталатын қиын жылдар еді. Ауылдағы жұмыссыздық жарықпенен жанар-жағар майдың тапшылығы, елдің асыраушы егін шаруашылығына кері әсерін тигізген кезде, ол ауыл әкімі ретінде халықты төзімділікке, шыдамдылыққа шақырып, жоқтан бар жасап жұмыс істеуге тура келген уақыт болатын. Ол өзінің іскерлік ұйымдастырушылық қабілетімен халықты болашаққа деген сенімін арттырып, өтпелі кезеңдердің қиындықтарын жеңе білді. 2000-2002 жылдары "Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, санитарлық-тазалық сақтау, ауылды кешенді дамытудағы" еңбегі бағаланып, облыс әкімінің II дәрежелі дипломымен ауыл округі марапатталған еді.

Оның бұл атқарған еңбектері елеусіз қалған жоқ. 2001 жылы Қазақстан Республикасы президентінің алғыс хаты, бірнеше рет аудан әкімінің алғыс хаты, облыстық ардагерлер кеңесінің 2009 жылғы алғыс хаты, Невада-Семей қозғалысының төрағасы Олжас Сүлейменовтің алғыс хаты, Ұлы Жеңіс қарсаңында «Социалистік Отанының қарулы күштерінде үздік қызмет атқарғаны үшін» Ресей Федерациясы Думасының мерекелік және Стратегиялық мақсаттағы ракета әскеріне – 50 жыл, Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына – 70 жыл», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 65 жыл» мерекелік медалдарымен марапатталған.

Жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында Кеңес Одағының Батыры, әскери қолбасшы, халық жазушысы Бауыржан Момышұлының соғыстағы ерліктері мен бейбіт өмірдегі жазушылық еңбектерін және оның қанды көйлек қаруласы, сүйікті батыр политругі, рота командирі Жолмұханбет Бозжановтың қысқа ғұмырындағы ерліктерін зерттеп, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында «Ағайынды Бозжановтар» деген кітап жазып, оқырмандарға ұсынды.

Рысбай Кәрімұлының нағыз ерлігі деуге болады. Б.Момышұлының туғанына – 100 жыл толу мерейтойына арналған «Қызыл Жұлдыз» төсбелгісі мен Қазақстан ардагерлері Ауған соғысы қауымдастығының Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалімен, И.В.Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизиясының ардагерлер Кеңесінің төрағасы, полковник Г.М.Визиряктың, Қазақстан соғыс ардагерлер ұйымының қауымдастық төрағасы, халық қаһарманы, генерал-лейтенант Б.Ертаев осы қауымдастықтың штаб бастығы, гвардия полковнигі Ж.Ерғалимовтың «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

Ел тарихы, ел тәуелсіздігі, ел басқарған халықтың қалаулылары болған тұлғалар, жастар тәрбиесі, бүгінгі күннің өзекті мәселелері жәйлі мақалалары республикалық, облыстық, аудандық баспасөздерде жариялап тұрған. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. «Сыр ардагері» газетінің 2009 жылдың үздік журналисі атанған. Стратегиялық мақсаттағы ракета әскері құрамында қызмет атқарған Капустен Яр атом сынақ полигонында ядролық қарулар мен жабдықталған ракеталарды сынау, залалсыздандырып жою, Жаңа Жер аралындағы ядролық полигонда ату, сынақ жаттығу жұмыстарына және рентген сәулелерінің адам ағзасына тигізетін әсерін сынақтан өткізу жұмыстарына қатысқан «Атом солдаты».

Қысқаша айтқанда, бұл қасіреттен аман қалып, оның зардабын көріп, денсаулығынан айырылып, әскери мүгедек болып қатарлары сиреген азаматтардан қалған арамызда жүрген жан. Қазақстан Республика Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 қаулысына сәйкес «1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС әскери, азаматтық нысандарды радиациялық апаттардан құтқару және ядролық сынақ мақсатында әскери жаттығуларға қатысқандар Ұлы Отан соғысына қатысқандарға теңестіріледі» деген заңына байланысты осы санатқа жатады. Осындай аждаһардың ажалынан қалған Рысбай Кәрімұлы саналы ғұмырын бейбіт еңбекке арнап, қызметтің үлкен-кішісіне қарамай, оқу ағарту, шаруашылық, кеңес партия, әкімшілік жұмыстарды үлкен жауапкершілікпен атқарып, сенім дәрежесінен шыға білген. 1973-1994 жылдар арасында аудандық, ауылдық, кенттік кеңестердің депутаттығына, бірнеше рет Кеңес партия сайланбалы орындарына сайланып, халықтың сенімінен шыға білген.

Рысбай Кәрімұлының есте қалатын оқиғаларының бірі – 2003 жылдың 13 сәуірінде Бұқарбай батыр ауылы әкімінің қызметінде жүргенінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қызылорда облысына іс-сапарымен келгенде Қалжан Ахун ауылында облыстың іс басында жүрген азаматтарымен ауыл тұрғындарымен кездесуінде, Елбасымен кездесіп, сұхбаттасып, өтпелі кезеңдегі ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, сол бір жылдардағы Елбасы қабылдаған «Мәдениет», «Денсаулық» жылдарының қалай өткендігі және 2003-2005 жылдардағы «Ауыл жылы» бағдарламасының жүзеге асырудағы ауылда атқарылып жатқан жұмыстарды Елбасына баяндауы, осы сәттердегі көңіл-күйі өз алдына бөлек әңгіме. Бұл туралы ол өзінің «Сәті түскен сұхбат» мақаласында жазды. Зейнетке шыққаннан кейін қарап отырмай қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, тәрбиелік мәні бар бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайлы естеліктер жазуды қолға алып келеді.

Рысбай Кәрімұлының «Ерлер есімі – ел есінде», «Жылдар, адамдар, тағдырлар», «Ағайынды Бозжановтар», «Елім деп соққан жүрегі», «Ржеп қазанында қайнағандар», «Алаш арыстарының тауқыметі, тағдырлары» кітаптарының авторы. Жетпістің асуынан асса да Р.Кәрімұлы – әлі тың, ойы жинақы, әлі де қоғамға берері, жазатын дүниесі мол азамат.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
«Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы

Ел амандығы – мемлекет тыныштығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасы бойынша 2020 жылғы 25 мамырда «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңы қабылданды. Осы Заң бойынша жиналыстар мен митингілерді ұйымдастыру және өткізу үшін жергілікті атқарушы органға бұндай жиындар өтетін күніне дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша нысанда хабарлама берілуі тиіс.

Хабарламада бейбіт жиналыстың мақсаты мен нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың болжамды саны, ұйымдастырушылар мен қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапты адамдардың деректері және басқа да ақпарат көрсетіледі.

Бейбіт жиналыстар жергілікті атқарушы орган белгілеген арнайы орындарда өткізіледі және оларды жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден ерте бастауға және сағат 20.00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Азаматтардың өмірі мен денсаулығына, қоғамдық тәртіпке және (немесе) қоғамдық қауіпсіздікке нақты қатердің төнуі, мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, қолданыстағы заңнаманы бұзуға үндеулер, бейбіт жиналыс өткізу уақытының өтуі және басқалары бейбіт жиналыстарды тоқтату негіздері болып табылады.

Егер жиналыс немесе митинг жергілікті әкімдікке тиісті хабарлама берілмей ұйымдастырылып өтетін болса, олардың ұйымдастырушылары мен қатысушылары әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Мұндай әрекеттер үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 488-бабында 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы көзделген. Ал егер бұл әрекеттер азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірумен қатар жүретін болса, Қылмыстық кодекстің 400-бабы бойынша елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы қарастырылғанын назарларыңызға саламыз.

Атап өту қажет, Жалағаш ауданы аумағында қаңтар оқиғасына қатысты заңсыз митингілерге қатысқаны үшін 5 азамат Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 488-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған.

Бұл ретте «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңының талаптарын сақтауға шақырамыз.

Жалағаш аудандық прокуратурасы

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық **"Жалағаш жаршысы"** газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: **сейсенбі, сенбі** күндері.

Таралымы - 3111 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- **Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;**
- **Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;**
- **Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге;**

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68 үй. Жарнама бөлімі: 8 (724-31) 31-5-75, E-mail: Zhal_jarsh@mail.ru

Сайлаушылар назарына!

2022 жылдың 3 шілдесіне тағайындалған Ақсу, Жаңаталап ауылдық округі әкімдерінің сайлауына байланысты сайлау учаскелерінің шекаралары.

Ақсу сайлау округі бойынша: №139 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№116 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Ақсу ауылы, Қорғанша, Бостай, Ахметбаза елді мекендері.

Жаңаталап сайлау округі бойынша: №141 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№119 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жаңаталап ауылы.

Ескертпе: Учаске шекаралары "Жалағаш ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Жалағаш ауданы әкімінің 2018 жылғы 7 қарашадағы №18 шешімімен бекітілген.

Вниманию избирателей!

Границы избирательных участков по выборам акимов сельских округов Аксу, Жанаталап, назначенных на 3 июля 2022 года.

По избирательному округу Аксу: Избирательный участок №139

Местонахождение: сельский округ Аксу, село Аксу, улица Туршабека Елеусинова №14, здание коммунального государственного учреждения "Средняя школа №116" отдела образования по Жалагашскому району Управления образования Кызылординской области".

Границы: село Аксу, населенные пункты Корганша, Бостай, Ахметбаза.

По избирательному округу Жанаталап: Избирательный участок №141

Местонахождение: сельский округ Жанаталап, село Жанаталап, улица Абжалела Кожабаева №21, здание коммунального государственного учреждения "Средняя школа №119" отдела образования по Жалагашскому району Управления образования Кызылординской области".

Границы: село Жанаталап.

Примечание: Границы избирательных участков утверждены решением акима Жалагашского района от 7 ноября 2018 года №18 "Об образовании избирательных участков на территории Жалагашского района"

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5-бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

Аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 20 маусымдағы шешімімен 2022 жылғы 3 шілдеге тағайындалған сайлауда Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтер әкімдеріне кандидаттар болып тіркелді.

Ақсу ауылдық округі

Әбсаттаров Жомарт Серікбайұлы – 1982 жылы туған, қазақ, «М.Шәменов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, М.Шәменов ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Бекетов Нұржан Қалданұлы – 1983 жылы туған, қазақ, «Жақсылық» жеке кәсіпкерлігі, қаржы директор, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Сулейменов Гани Кенжегараевич – 1977 жылы туған, қазақ, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мәдениет және өнерді дамыту орталығы» КМҚК, директор, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы – 1988 жылы туған, қазақ, «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» КММ, бас маман, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Шилдебаев Марат Тныштықбаевич – 1966 жылы туған, қазақ, «Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, статист, Ақсу ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Ідірісов Рустам Болатбекұлы – 1985 жылы туған, қазақ, «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақтерек сауықтыру лагері» КМҚК, директор, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Жаңаталап ауылдық округі

Абдикалыков Куаныш Боранбекович – 1974 жылы туылған, қазақ, «Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкім, Жаңаталап ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясы ұсынған.

Көшеров Абай Қырғызбайұлы – 1981 жылы туылған, қазақ, «Аққұм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Аққұм ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Шынжыров Бауржан Серікұлы – 1989 жылы туылған, қазақ, «Аққыр ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Аққыр ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

ОЙТАРАЗЫ

Ұлттық тәрбие – ұлттық құндылықтарда

Бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселе – ұрпақ тәрбиесі. Нақтырақ айтсақ, ұрпаққа ұлттық тәрбие беру мәселесі. Жақында әлеуметтік желіден филология ғылымының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның ілгеріректе ұрпақ тәрбиесіне һәм білім саласына қатысты білдірген пікірін көзім шалып қалды. Онда: «...Бізде қазақ мектебі бар, бірақ ұлттық мектеп жоқ. Ең бастысы, қазақ баласын жасықтықтан құтқару керек. Оны құтқаратын кез – мектеп жасы. Ұлттық мектепке «рухтандырушы» мұғалім қажет. Қазіргі оқу жүйесі талантты мұғалімдердің ашқан жаңалықтарын қажет ете бермейді. Тек жүйе іштен, сырттан келетін тексеруге «оқушыны дұрыс көрсете білетін» мұғалімді жақсы көреді. Мұндағы барлық шаруа – көзбояушылықтың үлгісі. Шындығында, бала (оқушы) үшін емес, тексеретін комиссия үшін жасалады. Сол арқылы осылай тәртіп қалыптасқан мектеп бала үшін емес, бала мектеп үшін жұмыс істейді. Сондықтан да қазіргі мұғалімдер – сол мектептердің «жалған» абыройы үшін жүргендер. Бұл үшін оларды кінәлау да қиын. Осының бәрін жүйелейтін, жаңаша білім беретін, тәрбие беретін мектеп керек», – депті.

Әдебиеттанушы ғалымның айтып отырған мәселесі әлі де өзектілігін жойған жоқ, сол көзбояушылық әлі бар. Алайда біздің ауданымыздың білім беру саласы өзге аудандармен салыстырғанда көш ілгері алда келеді. Тіпті ауданымызда республикадағы үздік білім беру ошақтарының қатарына енген үлгілі де озат мектептер бар. Десе де ұрпаққа ұлттық тәрбие беретін мектептердің саны артса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені дәл қазіргідей алмағайып заманда бүлдіршіндер мен жасөспірімдеріміз, жастарымыз ақпараттық насихаттың жетегінде кетіп, одан да басқа түрлі азғындыққа азғырушылардың жымысқы әрекеттерінің құрығына ілініп, өзге елдің аранына жұтылып кетпеу үшін бізге ұлттық рух керек.

Ұлттың қорғаны – рухы. Ұлттық рухы мықты елді жау алмайды. Сол ұлттық рух адам бойына ана тілімен бірге сіңіп, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен күшейе бермек. Әрбір қазақ ұл-қызын орыс мектебіне немесе аралас мектепке бермес бұрын ойлануы тиіс. Бұл ешқандай да ата-ана құқығын шектеу немесе ұлтаралық араздық тудыруға себепші болатын арандату сөз емес, жай ғана бір-біріміздің бойымыздағы ұлтжандылық сезімімізді ояту үшін қажет. Әрине әр адамның, соның ішінде бүгінгі жастардың бірнеше тілді үйренгенін ата-ана ретінде, қазақ қоғамының бір мүшесі ретінде құптаймыз. Алайда ең алдымен бала ана тілінің уызын арда емуі керек. Бұл орайда біз жапондардың ұстанымын ескерсек, ұтылмаймыз. Яғни баланы есі кіргенше тек ана тілінде тәрбиелеп, мектеп бағдарламасына сәйкес барлық пәндер 12 жасқа дейін ана тілінде оқытылуы тиіс. Тек ана тілінде оқыту аздық етеді, әрине. Оқушы өз ұлтының салт-дәстүр, әдет-ғұрпы мен ұстанымдарынан мектеп қабырғасынан таныс болғанда ғана ұлттық сана қалыптасады. Ал ұлттық сана толыққанда, бала бойынан ұлттық рух жасындай ойнап шыға келеді. Кешегі Алаш қайраткерлерінің ұлт дегенде еміреніп, қанын төгіп, жанын беруге даярлығынан, тіпті қазақ халқының келешегі жолында бастарын құрбандыққа тіккенінен – олардың түпсанасында еркін далада тіршілік кешкен бабалардың алдаспандай рухы жаңғырып тұрғанын көреміз.

...Жақында шаштаразға бардым. Кезек көп. Бір келіншек екі кішкентай баласын алып келіп отыр екен. Төрт-бес жасар шамасындағы тете өсіп келе жатқан балалар бір-бірімен орысша шүлдірлесіп отыр. Анасы ана тілдерінде сөйлеңдер демеді. Керісінше, балаларының өзге тілде сөйлегеніне сүйсініп, мақтаныш көріп отырған сыңайлы. Жас ұрпақ өз ұлтына, бабалар аманатына қиянат жасап жатқандай жаным шырқырап кетті. Шыдамай, көз алдымда шүлдірлесіп отырған екі баланың мән-жайын сұрадым. Шешелерінің айтуынша, ауданымыздың орталығындағы қазақ мектебінде оқиды екен. Отбасында барлығы қазақша сөйлеседі, көршілерінде де бір орыс жоқ. «Бақсам, бақа екен» демекші, бәріне кінәлі «Балапан» болып шықты. Таңнан кешке дейін «Балапан» арнасын көретін бүлдіршіндердің тілі «орысша» шыққан. Мен көріп жүрген «Балапан» арнасы қазақша сөйлейтінін айттым.

«Білмеймін, әйтеуір сол арнаны көреді ғой», – деді толық сары келіншек. Екі бүлдіршін «Тик-токтан» үйрендік» деп түзетті аналарының сөзін. Түсінікті болды. Демек ата-анасы балалармен бірге теледидар көрмейтін болып тұр. Баланы еркіне жіберсең, әсіресе ғаламтор алдындағы уақытын шектемесең, ұлттық рух былай тұрсын, бала өзінің ұлтын да ұмытып қалады ғой және оған бала кінәлі емес.

Жасыратыны жоқ, көбіміз жұмыстан шаршап келгенде өзіміздің жан тыныштығымызды ойлап, балаларымыз үйде оңаша қалғанда ғаламтордан не көріп жүргенін қадағаламаймыз. Олармен бірге отырып, ұлттық танымын кеңейтетін кітап оқымаймыз, мультфильм көрмейміз. Әйтпесе «Балапанда» балалар өнеге алатын тағылымды, тарихи дүниелер көп.

Қырғызстан Республикасы Парламентінің депутаты мәжіліс мінберінен «Балаларымыз «Балапан» көреміз деп өз ана тілін ұмыта бастады» деп дабыл қағуы да балаларға арналған қазақстандық арнаның идеологиялық қуатын көрсетіп тұр емес пе?!.

Сөз басында айтқан ұлттық тәрбие бізге дәл қазір ауадай қажет және оның жауапкершілігін тек мектептерге артып қойып, қарап отыруға тағы болмайды. Не істемек керек? Ұрпағымыз ұлтжанды болуы үшін, мемлекет, қоғам болып балаларға назар аударғаны жөн. Баланың тілі, ақыл-ой, санасы, таным-түсінігі ұлттық құндылықтардан нәр алуы үшін олардың жасына қарай халқымыздың сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігі, тұтас тарихи жолы суреттелген қызықты, тартымды, тағылымды ертегілер, әдеби туындылар, мультфильмдер, тіпті кинолар түсіру керек және ондай жобалардан қаржымызды да, қажыр-қайратымызды да аяп қалмауымыз керек. Сонда ғана ұлт зиялыларының жоғарыда айтып жүрген «ұлттық мектептің» қабырғасы қаланбақ.

Қуат АДИС

ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІП

ҚАС ЖАСАУДЫҢ ШЕБЕРІ

Қазір қала емес, кенттің, тіпті ауылдың өзінен қаншама сән салондары ашылып, әсіресе нәзікжандылардың әсем образдарын жасауға мол мүмкіндік туып отыр. Бірақ әлбетте сол салондарда көбінесе қазақтың қаракөз қыздары тұтынушыларға қызмет көрсетіп, бәйек қағып жүр. Алайда әдемілік әлемінде тек шаштың сән үлгісін жасайтындар арасынан ғана ер азаматтарды кездестіреміз. Ал сіз әйел затына ерекше қас үлгісін, яғни татуаж жасайтын ерлерді көріп пе едіңіз? Бүгін осындай ерекше мамандық иесі, кенттің төл перзенті Дидар Құланбаевпен танысып, оның әңгімесін тыңдадық. Бұл тақырып әрине, оқырман қауымды қызықтырады деп ойлаймын.

Маған ә дегеннен оның өмірбаянын білу қызықты болды. Сөйтсем қас шеберіміз өте білімді мұнайшы, тіпті жоғары оқу орнын бітіргенін айтты. Таң-тамаша болдым. Бір қызыл, бір көк диплом қалтада. Ал жігітіміздің қалауы әйелдердің құпия әлемінің сұлулығына жан бітіру, яғни қиғаш қасын мүсіндеп, оған ай бейнелі сурет салу. Бұрынғы қазақы теңеулерде «қиғаш қас, қасы қарлығаштың қанатындай екен» деп суреттеп жатамыз ғой. Міне, бүгінгі оның заманауи атауы – татуаж. Бұл мамандықтың да сан қыры бар. Тек қолың епті болу керек. Оған кәсіби білік керек. Бүгінде біздің кейіпкеріміз Дидар – қас жасаудың хас шебері. Бұл кәсіпке келу себебін Дидардың өз аузынан естігенді жөн көрдік.

«Алдымен әңгімені өз өмірбаянымнан бастағаным жөн болар. Мен 1991 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келдім. Кенттегі №31 орта мектепте тоғызыншы сыныпқа дейін оқып, 2007-2011 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» колледжін қызыл дипломмен бітіріп, мұнай-газ маманы болып шықтым. 2011-2013 жылдары Қорқыт ата университетінде сырттай (қашықтан оқыту) мұнай газ мамандығымен оқуымды жалғастырдым. 2011-2013 жылдары НТС компаниясында бұрғылаушының көмекшісі, 2013-2014 жылдары СПМК компаниясында оператор, 2014-2017 жылға дейін СПМК компаниясында инженер болып қызмет жасадым.

Ер азаматтардың мойын бұрып, бара бермейтін бұл мамандыққа келуімнің себебі сол, 2013 жылы Сандуғаш есімді өрімдей бойжеткенмен қазіргі жарыммен танысып, екеуміз отау құрғаннан кейін басталды. Екеуміз танысқан күндерді еске алсам, 2015-2016 жылдары Сандуғаш «Амина» салонында жалға бір бөлмені алып, тырнақ мастері болып жұмыс жасады. 2016 жылы кенттен бір ғимаратты жалға алып, «Гламур» деп салон ашты. 2017 жылы Сандуғаш «Бастау» бизнес жобасымен мемлекеттен 4 миллион теңге несие рәсімдеп, жанына жұмысқа 4 қыз алды. Мен ол кезде Құмкөлде вахтада жұмыс жасайтынмын. 2017 жылы Сандуғаш екеуміз шаңырақ көтердік. Салонға жиі бас сұғып, осы мамандыққа қызыға бастадым. Менің қызыққанымды жұбайым да сезген болу керек, маған «қыркүйек айында Қызылорда қаласында Динара Алмусаева өз академиясында оқытуға конкурс жүргізіп жатыр, соған барсай» деп өз ойын айтты. Мен болсам Динара Алмусаеваның кім екенін де білмейтінмін. Сандуғаш сол салонда жарты жылдай тырнақ, макияж мастері болып жұмыс жасаған еді. Сол себептен Динараны жақсы танитын. Жұбайым «қатысып көрсей, ол жақта ер балдар да жұмыс жасайды» дегенде күлетінмін, жүрейін енді қас бояп» деп. Ал ол болса, «Дидар оның оқуы тегін, ештеңең кетпейді. Ал ақылы оқысаң, 400-500 мың теңге тұрады. Бір апта оқысаң жарайды» деді. Ол соншама не оқу бір жылдық оқудың ақшасымен тең деп таң қалдым да, барып өз көзіммен көруді шештім.

Осылайша Динара Алмусаева салонының әкімшісіне жолығып, өзімнің қас жасау шебері болуды үйренгім келетінін айттым. Екеуміз Динараның жұмыс жасайтын бөлмесіне кірдік. Динара татуаж жасап жатыр екен. Әкімшісі мені нұсқап, менің келген мән-жайымды басшысына жеткізді. Сол кезде ол маған жалт бұрылып қарап жымиды да, «Не үшін татуаж оқығың келеді? Қызығушылығың бар ма?» деп таңырқай қарады. Мен тосыннан қойылған сауалға сасып қалдым да, лезде өзімді жинап алып, «әрине бар, осы кәсіп қызықтырып жүр» дедім күлімсіреп.

Міне, сол сәттен бастап татуажға деген қызығушылығым оянып, ғаламтордан да осы мамандықтың қыр-сырын қарай бастадым. Қазір әйтеуір бір жақсысы осы қас жасау жайлы ақпаратпен тегін кеңестен көз сүрінеді. Еңбектенсең, табысқа жетесің. Мамандықтың үлкен-кішісі, жақсы-жаманы болмайды. Тынымсыз ізденіс пен шеберлік кәсіптің мүмкіндігін молайтады. Сенің кәсібилігіңе қызығып, тұрақты тұтынушылар саны көбейеді. Осылайша, жұбайымыз екеуміз тынбай еңбектеніп, кәсіпті дөңгелентіп әкеттік.

Алғаш Сандуғаш жұбайым қолға алып бастаған осы кәсіппен айналысқанымызға да биыл 6 жыл болыпты. Отбасылық кәсібімізді одан әрі дамытпақ ниетпен 2018 жылы Жалағаш кентіндегі Үркімбаев көшесінен ғимарат сатып алып, өзіміздің салонымызды аштық. Оның да атын «Гламур» деп қойдық. Аллаға шүкір, қазір салонда біраз адам тұрақты жұмыс жасайды. Барлығы да өз ісін шебер орындайды. Білмеген жерлерін түрлі курстарға жіберіп үйретеміз. Сән әлеміндегі жаңалықты, заманауи үлгілерді тәжірибемізге пайдаланып жүрміз.

2020 жылға дейін Динара Алмусаеваның салонында қас мастері болып қатынап жұмыс жасадым. Кентке келіп қасқа татуаж жасауға шынын айтсам, ұялып жүрдім. Себебі ол кезде қалада ер балалар татуаж, шаш, макияж жасай береді де, ал ауылда ондай кәсіпті жасауды ер балалар ар санайтын. Сөйтіп жүргенде 2017 жылы Айзере есімді үлкен қызымыз дүниеге келді. Оның артынан 2019 жылы кішкентай бөбегіміз Медина өмір есігін ашты. Қос балапанымнан, отбасымнан алыста жүрмейін деген ниетпен, тәуекелге бел буып, 2020 жылдан бастап өз салонымызда қас мастері болып жұмыс жасап келемін. Қазір бұрынғыдай емес, тұтынушылардың ер мастерге көздері үйреніп қалды. Өзімді арнайы іздеп келіп, тұрақты менің қызметіме жүгінетіндер көп.

Бүгінде осы жұмысқа намысымды жеңіп, келгеніме қуанбасам, өкінбеймін. Себебі жаны нәзік, өздері әдемілікке құмар әйел қауымының бақытты болғанын, қуанғанын көру – мен үшін бақыт. «Әйел қуанса, әлем қуанады» демей ме? Ендеше әйел затына ғажап көңіл күй сыйлап, ажарына ажар қосып, нұрландыру ерлер қауымына ауадай қажет қасиет деп ойлаймын. Сондықтан жердің көркі, елдің ажары, табиғаттың ғажап туындысы, отбасымыздың берекесі нәзікжандыларға баршамыз қолымыздан келгенінше көтеріңкі көңіл күй мен шабытты сәт сыйлағанымыз жөн» дейді ол.

Иә, шынында іске де, сөзге де шебер жігіттің ой орамдары, парасаты қандай мықты десеңізші. «Болса ғой жігіттердің бәрі осындай» деп тамсанып, қас шеберімен қимай қоштастық. Ол шынында қас жасаудың хас шебері екен. Әйелдердің әсемдік әлеміне жол тартқан өнерлі азаматтың отбасылық кәсіптің көкжиегін кеңейту де жоспарында бар.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3138 Тапсырыс № 1005

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА